| ҮҚ | **Қазақ тілі 24,26.10.2023** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Балалардың күз мезгілі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Күз айларын қазақша айтуға үйрету. Табиғатқа деген қамқорлықтарын арттыру.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сергіту сәтін орындау. **«Бұл не»** ойынын ойнау.Балаларға суреттерді көрсету арқылы өткен сөздерді қайталату.<br>**Сөздер:Күз, жапырақ, жаңбыр.** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Достар бері келіңдер.<br>Қолдарыңды беріңдер<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер!<br>Бәрін біліп алатын,<br>Мен бақытты баламын. |
| **Ұйымдастыру-ізденушілік** | Балалармен күз айы, оларда болатын құбылыстар туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен күз мезгілі туралы туралы әңгімелесеміз.<br>**«Мен бастаймын, сен қоста» ойыны.** Өткен тақырыптағы сөздерді естеріне түсіреп,<br>балаларға менің досым тақырыбында өткен сөздерді қайталауды ұсынады.<br>**Қима материалдармен жұмыс.**<br>-Мынау – жапырақ.<br>— Мынау не?<br>— Мынау – жапырақ.<br>— Жапырақ сары.<br>— Жапырақ қандай?<br>— Жапырақ сары.<br>- Алтын күз.<br>— Қандай күз?<br>— Алтын күз.<br>Балалар сөздерді қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ү-Ү-Ү – КҮЗ.<br>Қ-Қ-Қ-АҚ – ЖА-ПЫ-РАҚ<br>Ң-Ң-Ң – ЖАҢ-БЫР.<br>**Сергіту сәті.**<br>Массаж: Балалар бір-бірінің артына сөздерді қайталап,сурет салады.<br>Күн шықты,<br>Сәулесін шашты,<br>Бұлт жапты,<br>Жаңбыр жауды,<br>Кемпірқосақ шықты.<br>**Ойын: «Қолшатыр».**<br>**«Жаңбыр»** деген сөзден кейін, балалар алақанын төмен қаратып ұстап тұрады. Балалар сұқ саусақтарын алақанынішіне тигізіп тұрады. Педагог үшке дейін санап, алақанын жұмады, осы кезде балалар жылдам қолдарын алуға тырысады. Қай баланың қолын ұстап қалса, сол бала ойыннан шығады. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды. |

**Тексерілді :24.10.2023 ж**

Әдіскер: А.Ж.Жумашева